



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:

«ПАРЛАМЕНТ – ЕЛ МҮДДЕСІ ҮШІН АЯНБАЙ ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ҚАЙНАҒАН ЖҰМЫС ОРТАСЫ»

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев
VII шақырылымдағы
Парламенттің
бірінші сессиясының
ашылуына қатысты.

Қазақстан Президенті сессияға қатысушыларды сайлаудың аяқталуымен құттықтап, жаңа құрамдағы Мәжіліс депутаттарына табыс тіледі. Өткен шақырылымдағы халық қалаулыларына ойдағыдай қызмет атқарғаны үшін ризашылығын білдірді.

– Бес жылға жуық уақытта Парламент қабырғасында 410 заң қабылданды. Депутаттар өздерінің заңнамалық ету құқығын пайдаланып, 60-қа жуық заң жобасын дайындады. Бұл – осыған дейінгі бес шақырылым депутаттарының бастамаларын қоса алғанда көп. Жаңа депутаттар алдыңғы әріптестерінің осы қарқынын сақтай отырып, анағұрлым жемісті жұмыс істеуі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент құрамы жаңғырған жаңа Мәжілістің қызметке кірісуі еліміз үшін символдық мәні бар екі оқиғамен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті.



Ол – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы мен қазіргі заманғы Қазақстан парламентаризмінің ширек ғасырлық белеске жеткені. Мемлекет басшысы осы тарихи кезеңде сенім мандатына ие болған депутаттар халық үмітін ақтап, Отанымызға адал қызмет ететініне сенім білдірді.

– Тәуелсіздіктің 30 жылдығында кешенді реформалар жүргізілетін болады. Барлық күш-жігерімізді тиімді мемлекет пен әділетті қоғам құруға жұмылдыруымыз керек. Басты басымдық – халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, әл-ауқатын арттыру. Жұрт жасанды жетістіктерді емес, көзбен

көріп, қолмен ұстайтын нақты нәтижені күтеді. Халық экономикалық және әлеуметтік бағдарламалардың жемісті болғанын қалайды. Біз осы мақсаттағы азаматты жұмыстарға барлық белсенді азаматтарды тартамыз, – деді Мемлекет басшысы.

2 БЕТТЕ

■ СЕССИЯ

Жыл басында қалалық мәслихаттың жұмысы қызу басталды. Себебі өткен аптада ҚР Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Халық өз таңдауын жасады. Осы аптада мәжіліс залындағы леп басқаша. Бір-бірін жылы шыраймен құттықтаған халық аманатын арқалаған, жаңадан сайланған депутаттар жиналды.

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ: 3 ПАРТИЯДАН ДЕПУТАТТАР САЙЛАНДЫ

VII шақырылған қалалық мәслихаттың алғашқы сессия отырысына қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Әбдіқадір Ерғешбаев, қала әкімінің орынбасарлары, сала басшылары және БАҚ өкілдері қатысты. Бұл жолы сессияны сайлау комиссиясының төрағасы Ә.Ерғешбаев жүргізді.

Алдымен ол 2021 жылдың 10 қаңтарында өткен сайлау қорытындысына тоқталып, содан соң жаңадан қатарға қосылған халық қалаулыларына депутаттық мандаттарын табыс етті.

3 БЕТТЕ

■ ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Өткенге көз жіберсек 1938 жылдың 15 қаңтарында Қызылорда облысы құрылған екен. Демек 15 қаңтар Сыр өңірінің тарихында аймақтың негізі қаланған күн болып саналады.

АЙМАҚ ҚҰРЫЛҒАН КҮН

Кезінде қазақтың заңғар ақыны Әбділда Тәжібаев: – Жазса Тарас Днепрді, Жазса Пушкин Еділді. Неге маған жырламасқа,

Сырда туған елімді, – деп жырлаған екен. Бұл өлеңге Сырдың тағы бір ұлы дарынды жаңақорғандық сазгер Бексұлтан Байқенжетов ән жазып, қанша рет әулетте орындады. Бұл – туған жерден нәр алған қос дарынның өрнегі. Бірі өлең шығарды, екіншісі әнмен әрледі. Аймақ құрылған күнге орай біз де өңір шежіресіне шолу жасауды ұйғардық.

3 БЕТТЕ

■ САРАПТАМА

МӘЖІЛІСТІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ: ДЕПУТАТТАРДАН НЕ КҮТЕМІЗ?



Ай бойы ақпараттық кеңістік пен ел аузынан түспеген саяси дода да аяқталып, депутаттар көптен күткен мандатқа ие болды. Сайлау қорытындысы шыққан соң депутаттық орынға кімдер жайғасатыны, қай партиядан қанша өкіл өткені анықталып, құрам жаңарды. Нәтижесінде Мәжіліске «Nur Otan» партиясынан – 76, «Ақ жол» партиясынан – 12, Қазақстанның халықтық партиясынан – 10 адам және Қазақстан халық ассамблеясының 9 депутаты өтті.

Мәжіліс депутаттығынан өзге, өңірлік мәслихатқа депутат болуды мақсат тұтқан азаматтар ел аралап, халықтың мұқтаж жайын біліп, қордаланған біршама мәселені қағазға түртіп, шешуге қолғабыс ететінін жеткізді. Мұндай мүмкіндіктің күнде келмесін білген тұрғындар да ойдағы ұсынысын, жергілікті жердегі келеңсіздікті бүкпесіз жеткізді. Бүгін шешілмесе де билікке жағдайды айтар деген үміт еді. Сол сенімнен болар, халықпен үздіксіз кездескен «Nur Otan» партиясы саяси додада оқ бойы озық шығып, жеңіске жетті. Ендігі халық сұрауы – берген уәде, айтқан ұсыныс жерде қалмай, диттеген жеріне жетсе деген тілек.

2 БЕТТЕ



The New York Times

ДДСҰ МАМАНДАРЫ
УХАНЬҒА КЕЛДІ



Қытайдың Ухань қаласынан таралған Covid-19 вирусын зерттеуге және вирустың пайда болу көзін анықтау үшін ДДСҰ-ның зерттеуші тобы тек бір жылдан кейін ғана орталық қалаға аттанды. Зерттеуші топтың алдында қандай мақсат тұрғаны және зерттеуші жұмыстары кезінде пайда болатын қиындықтар туралы «ДДСҰ: Зерттеушілер вирусты зерттеу үшін ақыры Қытайға келді» атты жазбасын Хавьер Эрнандес The New York Times басылымында жариялады.

Бейсенбіде орталық қалаға келген 10 адамнан тұратын зерттеуші топтың негізгі мақсаты – вирустың жануардан адамға қалай жұққанын анықтап, жаңа пандемияның алдын алу. Алайда бұл сұрақтардың жауабын табу оңайға соқпауда. Жалпы оған бірнеше себеп бар.

Ең алдымен Қытай қаланы бақылауға алып, зерттеу жұмыстарына кедергі келтірді. Жалпы ҚХР бастапқы кезеңде зерттеу жұмыстары елдің пандемиямен күрестегі қателерін анықтайды деп аналдады. Әлем елдерінің сұрауына қарамастан тәуелсіз зерттеушілерді елге кіргізуден бас тартқан Қытай өткен жылдың маусымында екі зерттеушіні кіргізуге рұқсат берді. Десе де олардың вирустың таралу ошағы болып табылатын Ухань қаласына кіруге рұқсат берілген жоқ.

Кейінгі себеп – вирусты бақылау оңайға түспейтіні. ДДСҰ зерттеушілері вирусты, жануар денсаулығы мен ауруды жеңуде үлкен тәжірибеге ие. Бірақ бүгінде Ухань қаласы бастапқы уақыттан әлдеқайда бөлек болып өзгерді. Қазіргі таңда зерттеуші топ вирус адам баласына жарқанаған тарады деп болжағанды, 2 миллионнан астам адамның өмірін қиған және 92 миллион адамға жұққан вирусты зерттеу оңай болмайды.

Сонымен қатар ғылыми топ өз жұмыстарын саясаттандырудан аулақ болуы тиіс. Себебі пандемия Қытайдың әлем елдері алдындағы абыройына нұқсан келтірді және әлі күнге дейін кейбір елдер Бейжіңнің үлкен кризисті болдырмау шараларын ертерек қабылдамағанына наразы. Сол себептен қытайлықтар ДДСҰ-ның зерттеу жұмысын Қытайдың имиджін көтеру және жетілген держава ретінде көрсету үшін қолдануы мүмкін.

Мақалада бұл әрекеттер Қытайда вирустың қайта өршуіне әкеліп соқтыруы мүмкін екені айтылған. Өйткені қазірдің өзінде Қытай вирустың Уханьда ең алғаш тараған кезінен де көп, яғни 22 миллион тұрғынды бақылауда ұстауға мәжбүр болып отыр.

«Мұндағы басты алаңдаушылық – эпидемияның шығу тегі саясаттанып кеткен. Бұл рәсімде да ДДСҰ-ның тәуелсіз, объективті және ғылыми зерттеу жүргізу кеңістігін азайтты» деді денсаулық сақтау саласындағы жаһандық сарапшы Хуанг мырза.



ҰЛЫБРИТАНИЯДА
СЫНАҚ БАСТАЛДЫ



Дүние жүзіне жаңа вирус таралғалы 1 жылдан астам уақыт өтті. Осы кезге дейін вирустан қорғану, сақтық шаралары анықталды. Кейінірек әлемнің барлық ақ халаттылары вирусты жұқтырғандарды емдеу және барынша аман алып қалуға күш салды. Қазіргі таңда ғалымдар вирусты жеңуге арналған вакцина жасап шығаруға білек сыбана кірісті, тіпті кейбір елдер өз екіпелеріне сынақ жүргізуде. Соның ішінде Ұлыбритания ғалымдары ойлап тапқан емдеу тәсілі бүгінде сынақтан өтіп жатыр. Бұл туралы Джастин Роудат британиялық BBC теле-радио-интернет хабар тарату сайтында мақала жариялады.

Ұлыбританияда Covid-19 вирусының таралуын тоқтату мақсатында жаңа емдеу тәсілін үлкен масштабта сынау басталды. Емдеу шараларын алғашқы болып сейсенбі күні Халла емханасының пациенті қабылдады.

Жалпы емдеу процесі бета интерфероны атты ақуызды ішуген байланысы. Ал ол ақуыз адам ағзасында вирусты инфекция кезінде бөлініп, нәтижесінде ол жасушаны вируспен күреске дайындау арқылы иммундық жүйені арттыруы мүмкін.

Бұған дейінгі емдік зерттеу нәтижесінде Covid-19 вирусын жұқтырған науқастың жағдайын нашарлауының, яғни өкпені 80 пайыз жасанды желдету қажет болу ықтималдығын азайтты. Жалпы бұл емдеу әдісі Саутгемптонның университеттік ауруханасында ойлап табылды. Қазіргі таңда оны Саутгемптондағы Synairgen биотехнологиялық компаниясы шығарып жатыр.

Жаңа дәрімен емделу курсы шамамен 2000 фунт стерлинг тұруы мүмкін. Бұл стационарлық емдеу әдісі үшін қымбат деуге келмейді.

Препараттың жұмыс істеу қабілеті оның сапасы мен бағасы арасындағы тепе-теңдікке тікелей байланысты, – деді Synairgen компаниясының атқарушы директоры Ричард Марден.

Мұндай емдеу әдісінің негізгі идеясы ақуыздың таза дозасы иммундық жүйесі әлсіз елген адамның өзінде де вирусқа қарсы әлеумір күшті жасушалар түзетіндігі. Одан бөлек, сынақ жұмыстары созылмалы ауруды бар науқастардың өзі бұл емдеу әдісін оңай өткеретінін көрсетті.

4 БЕТТЕ

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ: 3 ПАРТИЯДАН ДЕПУТАТТАР САЙЛАНДЫ

Сессия барысында мәслихат хатшысы да сайланды. Депутаттардың дауыс беру қорытындысымен Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы болып Құттықожаев Ибадулла Дүйсенбайұлы сайланды. Сонымен қатар қалалық мәслихат жанындағы «Бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясына «Nur Otan» партиясының атынан сайланған депутат Ерлан Нұрғазына, «Өндіріс, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы және экология мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясына «Nur Otan» партиясының атынан сайланған депутат Мұхитжан Кәрімбаев, «Құқық қорғау және әлеуметтік қолдау, жастар ісі мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясына «Қазақстан халық партиясы» атынан сайланған депутат Қайрат Ернарзаров жетекшілік ететін болды. Оған қоса қалалық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясының депутаттық фракциясын құру жөнінде шешім қабылданып, оның жетекшісі болып депутат Жорабек Нұрymbетов бекітілді.

Сессия соңында сөз алған қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев халық қалаулыларына сөзтілік тіледі.

– Жыл басында елімізде маңызды оқиға орын алды. Яғни сайлау өтіп, депутаттық құрам жаңарды. Депутаттыққа үміткерлер үгіт-насихат жұмысын белсене жүргізді. Биылғы саяси науқанда көппартиялы мәслихат жүйесімен ерекшеленуде.

Құрметті халық қалаулылары, жаңа 2021 жылға мол табыспен аяқ бастық. Өрне, атқарылған жұмыс көп. Бірақ алда тұрған міндеттер аз емес. Ендігі жерде өздеріңізбен бірге тұрғындарды толғандырып жүрген түйткілдердің түйінін тарқатып, халық сұранысын қанағаттандырып, күрмеуі күрделі мәселелердің шешілу жолында қарқынды жұмыс істеп, оң нәтижеге бірлесіп отырып, қол жеткізетінімізге сенімізді мол.

Сонымен бірге қалалық мәслихаттың хатшысы қызметіне сайланған Ибадулла Құттықожаевты білікті басы, тәжірибелі маман екенін баршамыз жақсы білеміз. Сыр өңірінің дамуына өз үлесін қосып келе жатыр. Баршанызға тек сәттілік, абырой тілеймін, – деді қала басшысы.

Р.С. Қалалық мәслихаттағы биылғы бір ерекшелік, сайланған 22 депутаттың ішінде бесеуі – нәзік жандылар. Яғни осы жолы олардың қатары көп екені байқалады. Сондай-ақ әрқайсысы әр сала мамандары. Арасында кәсіпкерлер де бар. Сонымен депутаттық мандатқа ие болған халық қалаулыларын ел игілігі жолында алда қарқынды тірлік күтіп тұр...

Ақтолық НУРЛЫБАЙ

Басы 1-бетте

АЙМАҚ ҚҰРЫЛҒАН КҮН

Сыр өңірі бүгінде ерекше қарқынмен дамып келеді. Соңғы деректер бойынша аймақта 800 мыңнан аса адам тұрады. Сылаң қакқан Сыр мен қарт Қаратауды, Қызылқұм мен Бетпақ даланы қабат қоныстанған облыс аумағы да кең. Оның жалпы көлемі – 226 мың шаршы шақырым. Бұл – бүкіл қазақ жерінің 8,3 пайызы. Еуропаның Австрия, Венгрия, Бельгия, Чехия, Швейцария сынды мемлекеттері облыс төңірегіне түгелдей сияды. Тіпті алпауыт саналатын Германия жері Қызылорданың аумағындай ғана екен.

Біз облыс аумағының кеңдігін ғана сөз еттік. Оның көркемдігін тілмен жеткізу, тіпті мүмкін емес. Аралдан Жанакорғанға дейінгі аралық небір кереметтерге толы.

Ал енді Сырдың бас қаласы – Қызылорда жайында сөз қозғайық. Бұл қала Ақмешіт, Перовск, Қызылорда, секілді әр кезеңдерде әр түрлі атауға ие болған. Тарихи деректерге сүйенсек, 1818 жылы Қоқан хандығы кезінде Сырдария бойында алғаш қорған ретінде салынған. Оның ішіндегі ақ кірпіштен өрліген мешіттің түсіне сай бекініс Ақмешіт деп аталды. 1853 жылы Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский кокаңдықтармен соғысып, жеңіске жетеді. Қала Перовск аталып, 1867 жылы ол Сырдария уезінің орталығына айналады. 1922-1925 жылдары қала қайтадан Ақмешіт атанды.

Сырдария өзенінің бойында орналасқан асем қала жыл өткен сайын дами түсті. Ол 1925-1929 жылдары Қазақстанның астанасы болды. Астана болған сәттен бұл қала Қызылорда деп аталды. Бұған дейінгі атауы мақалаларымызда айтқандай, Қызылорда жағатын Сұлтанбек Қожанов пен Қоңырқожа Қожықовтың есімдерімен байланысты.

Астана мәртебесіне қол жеткізгеннен соң түрлі мекемелер мен өндіріс орындарының іргетасы қалана бастады. Орта және арнаулы оқу орындары ашылды. Тағы бір айта кетерлігі ғылыми-зерттеу, жер қыртысын зерттеу, мал дәрігерлік-бактериологиялық және де басқа институттар өз жұмысын Сыр бойынан бастаған.

Кенес заманында қалада қа-тырма қағаз, аяқ киім, механикалық және күрші зауыттарымен қатар бірнеше

Басы 1-бетте



фабрика іске қосылды. Қызылордада педагогикалық институтты мен Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институттарының филиалы және бірнеше арнаулы оқу орны жұмыс істеді. Облыс көлемінде көптеген мектеп салынды. Еліміз тәуелсіздік алған соң Қызылорда өз дамуын тоқтатқан емес. Бүгінде халықтың әл-ауқаты артып, қаланың аумағы кеңейіп келеді. Тәуелсіздік жылдары облыс аумағында 300-ден аса білім беру және денсаулық сақтау нысандары салынды. Аймақта Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік және Болашақ университеттері мен бірнеше колледждер жұмыс жасауда. Олардан білім алған шәкірттер

еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі салада қызмет атқаруда. Қазіргі заманға лайықталған соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған медициналық, диагностикалық және қайта сауықтыру орталықтары салынды. Мұнай кеніштері ашылып, уран өнеркәсібі дамытылуда. Өлемдегі ең ірі қорғасын-мырыш кен орны – «Шалқиянның» жұмысы қайта жанданды. Шикізаттық емес секторды дамытуға да ден қойылған. Қазір тамақ, құрылыс және химия өнеркәсібін дамыту бойынша жұмыстар атқарылуда. Облыс орталығында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары өңір әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Сөзімізді аяқын Махмұтбай Әміреұлының: – Дүбірлі дүлдүлдердің ізі қалған, Жүделі жүйріктердің жүзі жанған. Ежелгі Сырдың елі, жырдың елі, Киелі, қасиетті – Қызылорда, – деген өлең жолдарымен аяқтағанды жөн санадық.

А.АҚЫЛБЕК

ЖЕКЕ ҮЛГІ ШАРТ № _____ ТҮРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҮШҒАРУ БОЙЫНША КӨП ҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖЕКЕ СЕКТОР ТҮРҒЫНДАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСТЕУ ТУРАЛЫ

Қызылорда қ. 2021 ж.

«Қызылорда Тазалығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жарғы негізінде мекеме директоры М.Жаркеткен, әрі қарай «Қызмет ұсынушы» бір заңдап, одан әрі «Тұтынушы» _____ екініші жақпен төмендегідей келісім-шарт жасасты:

І. КЕЛІСІМ-ШАРТ МӘНІ:

- 1.1. «Қызмет ұсынушы» «Тұтынушыларға» жөндері-түзілетін тасуаланды негізгі ерекшелік сәйкес, контейнерлік аумақтардан қоқысты шығару бойынша қызметін ұсынады.
2. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ҚУҚЫЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ: «Қызмет ұсынушы» _____
- 2.1. Қызметті белгіленген кезе бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды шығаруға, контейнерлер алаңының іргесіне аумағының тазалығын сақтауға,
- 2.2. Тұрмыстық қоқысты шығару үшін «Тұтынушыдан» ай сайын уақытында төлемдерді алуға. Белгіленген тариф бойынша қоқыс шығару қызметіне қол қабатты үйлерді тұрғындарына тасуға. Келісім-шарт мерзімі біткеннен кейін екі үй тұрғындарына – 321 теңге.
- 2.3. Қалалық мәслихаттың сессиясы 04.02.2020ж. № 297-55/5 қаулы шешіміне сәйкес бекітілген кейін тарифі жаңа баланың нарыққа сай өткізугі мүмкін.
- 2.4. Тұрмыстық қалдықтарды уақытылы шығару және төлемдерді мөлшерінің дұрыстығын білуге құқылы.
- 2.5. Темір қорғартаға тек қана тұрмыстық қоқыс қалдықтарын тастауға.
- 2.6. Тұрмыстық қоқысты құрылыс қалдықтарынан, шикізат, күлден, тасқанды және жанырауға, құрылыс қалдықтары болса тасушы беруге.
- 2.7. Тұрмыстық қоқысты құрылыс қалдықтарынан, шикізат, күлден, тасқанды және жанырауға дер кезінде біртұтас тастау. Адам саны _____
3. Басқа да талаптар

- 3.1. Бұл келісім-шарт мерзімі 01.01.2021 ж. - 31.12.2021 ж.-ға дейін жарамды. Келісім-шарт қоқыс жарияланған серіктестік қызметі көрсетіп отырған қол қабатты үйлерді тұрғындарына тасуға. Келісім-шарт мерзімі біткеннен кейін екі жақ бірдей алаңға келісім-шарт негізін тастауға жабайша бермес, келісім-шарт кезінде жылдары ұзартады.
- 3.2. Бұл келісім-шарт екі жақ қол қойған уақыттан бастап күшіне енеді.
- 3.3. «Тұтынушы» тарапынан қорғалған қызметтің төлемдеріне уақытылы төлеулерін жасайды. «Қызмет ұсынушы» ҚР қолданыстағы заңдары шеңберінде сот органдары арқылы шағымданып алуға құқылы.
- 3.4. «Қызылорда Тазалығы» ЖШС-ті қоқыс шығару қызметін қорғалған аудандарын тізімі: Шұғалы ш/а, ГОИД, Ақмешіт ш/а, Мерей ш/а, Түзеушілік аңғалы, Ибергенді көшесі, Орталық Университет, Антоновск, Саулет, Ескі бағар – 3-ші іріңделуші, Мостовая – С. Бейбарыс к-сі, мкр. Астана, Нұр Орда, Ниподром, СПМК – 70, Жібек жолы, Табоғет – Жаңа үйлер, темір жолдың арқа беті – Шаншай ш/а, Коммунизм, ҚИИ ауд., Жаншайбат бағар көшесі, Мұнайшыл, Егітбаев, Темір жолы вокзалы аумағы, Гагарин ауд., Титов ауд., Сырдария өзенінің сол жақ жағалауы, Демисон көшесі, Арай ш/а ауданының жаңа үйлері.
- 3.5. Жеке үй несі көрсетілген қызметке 2 адам 321 теңге – 642 теңге есеппен ай сайын төлемдерін жасауға, ал өзінің жеке стандартты контейнері бар үй иелері ер тапшыры бергеніне 800 теңге төлемдерін жасауға тиісті.
- 3.6. Стандартты контейнері қолдануға жабайша қоқысты бей-берекет қонғу, қылмыстар немесе үйіне адам шығаруы, тек қана таңғы уақытта күн. 06:00 – 08:00 аралығында қоқыс өткізгі серіктестігі арнайы автокөлігіне немесе қоныс қылмыстық серіктестігі тарапынан белгілен қойылған арнайы орында (темір контейнер, сетка) жинақталуға тастау. Арнайы орындар немесе арнайы алаңдарда тек қана тұрмыстық қалдықтарды тастау.
- 3.7. Қоқыс шығару қызметін төлемдеріне серіктестігі бақылаушыларына (жеке басын қуалайды) құрағы және қалдықтарды болған жағдайда, қалса арқылы, жеке бет есеппен Қазір қоқысшы арқылы және Бірінші төлем құрағы арқылы немесе оқшау тұлға төлеуші болса. Жеке бет есеппен 22-10-26, 8 777 454 2814 тел. арқылы білуге болады.

Қосалдарын мекен-жайлары:

- 1) Мүсерова №77 А – «Аяна» ауданы;
- 2) Ге Бон У №27 – «Манас» ауданы үйі;
- 3) Титов №8 үй;
- 4) Суков №19 – ДТО «Энергосервис» ғимараты;
- 5) Жетқосан №154 – «Горест» ғимараты;
- 6) Ақмешіт №18 үй.

4. «Қызмет ұсынушы» екі жақтың жауапкершілігі: «Қызмет ұсынушы» тарапынан барлық келісету-шіліктер келісету шешілгені, олар болмаған жағдайда, ҚР қолданыстағы заңдары шеңберінде сот органдары арқылы шағымданып шағым бойынша шешіледі.

4.2. Бұл келісім-шарт 01.01.2021ж. бастап – 31.12.2021 ж. ға дейін жарамды. Келісім – шарттың мерзімі біткеннен кейін екі жақтың бірдей алаңға келісім-шарт негізін тастауға уәкілет бермес, келісім-шарт кезінде жылдары ұзартады. Тұрмыстық қатты қалдықтарды ортеуге, қоғамдық орындарға қоюға (қоса бойынша, қонақабатты үйлерді алаңына, контейнерлік алаңдарына айналдыру) және темір қорғартағын ішіне құрылыс қалдықтарын тастауға қатаң тыйым салынады.

Ескерту: Қала көшелерінің бойына, арқасы немесе тротуарларға қоқыс шығару қонға қатаң тыйым салынады. Осы шарт орындалмаған жағдайда ҚР заңдарының қолданылуына қарамастан әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Құрылыс және басқа қалдықтарды шығаруға қатысты сұрақтарға 22-10-26, 8 777 4542814 телефон арқылы байланысуға болады.

5. Екі жақтың заңды мекен-жайы:

ҚЫЗМЕТ ҰСЫНУШЫ	ТҮТІНУШЫ
«Қызылорда Тазалығы» ЖШС, Қызылорда қаласы Ақмешіт мөлтек ауданы, Н.Тәуелден көшесі №9	Аты-жөні _____
Тел.: 22-10-26 БИН 070241003475	Мекен-жайы _____
РНН 31100032274 ИИК КЗ 409625250007412172	ЖСН _____
БИК ИТҰҚЗКА КБЕ 14	Телефон _____
АО «ForteBank»	тұтынушының қолы _____
Директор _____ М. Жаркеткен	

ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ ТИПОВОЙ ДОГОВОР № _____ на оказание услуг по вывозу твердо-бытовых отходов для населения многоквартирных домов и частного сектора

г. Кызылорда 2021г.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Кызылорда Тазалығы», далее «Услугодатель» в лице директора М.Жаркеткена, действующего на основании Устава с одной стороны и _____ именуемый(ая) _____ с другой стороны, заключили настоящий договор о нижеследующем:

І. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

- 1.1. «Услугодатель» предоставляет «Потребителю» услуги по вывозу мусора с территории контейнерных площадок, в соответствии с основными правилами планировочной организации.
- 1.2. «Услугодатель» предоставляет «Потребителю» услуги по вывозу мусора с территории контейнерных площадок, в соответствии с основными правилами планировочной организации.
2. ПРАВО И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН: «Услугодатель»: 2.1. Производит ежедневный вывоз бытового мусора в соответствии утвержденного графика, обеспечивает надлежащее санитарное содержание контейнерных площадок и прилегающей к ним территории; 2.2. Установленный тариф может изменяться с учетом инфляции цен в одностороннем порядке; 2.3. Своевременно получать от «Потребителя» оплату за вывоз ТБО. Оплата за вывоз ТБО согласно установленного тарифа решением местного городского маслихата от 04.02.2020ж. за № 297-55/5 на одного человека для жителей многоквартирных домов составляет – 321 теңге, для жителей домов частного сектора – 321 теңге. Установленный тариф в течении года может изменяться в связи с инфляцией. «Потребитель»: 2.4. На своевременный вывоз ТБО и о правильности применения тарифов и цен; 2.5. Собирать в мусорные контейнеры только бытовые и не опасные отходы; 2.6. Строительный мусор собирать отдельно от бытового мусора. На вывоз строительного мусора подавать отдельную заявку; 2.7. Своевременно письменно извещать об изменениях количества жителей проживающих в квартире. Количество человек _____

3. ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ

- 3.1. Срок настоящего договора действует на период с 01.01.2021г. по 31.12.2021г. По окончании срока действия договора, если одна из сторон не изъявила желание расторгнуть данный договор, то он считается пролонгированным на последующие годы.
- 3.2. Настоящий договор вступает в силу со дня подписания обеими сторонами.
- 3.3. В случае несвоевременной оплаты «Потребителем» за услугу/услуги ТБО «Услугодатель» имеет право обратиться в местные судебные инстанции в рамках действующего закона РК.
- 3.4. Перечень районов города, обслуживающего ТОО «Кызылорда Тазалығы»: мкр.Шұғалы, мкр.ГОИД, мкр. Ақмешіт, мкр. Мерей, Прометей Независимости – ул.Ибергенді, Центральная часть, р-н Университет, р-н Антоновск, р-н Южный, р-н Старого базара – 3-й мкр. квартал, Мостовая – ул. С. Бейбарыс, Жібек жолы, мкр. Астана, Нұр Орда, Табоғет – Новые дома, Ниподром, СПМК – 70, заповедная часть – р-н Шаншай, Коммунизм, р-н КБИ, ул. Жаншайбат бағары, ул. Мұнайшыл, р. ЖД Восточная, Егітбаев, р-н Титов, р-н Гагарина, новые дома мкр. Арай-ул., Демисонская, ул. Левого берега Сырдария.
- 3.5. Жители домов частного сектора за оказание услуги оплачивать ежемесячно согласно тарифа из расчета: 2 чел. х 321 теңге = 642теңге в месяц, владельцам домов, имеющих индивидуальные стандартные контейнеры производить оплату из расчета – за каждый вывоз 800 теңге.
- 3.6. В том случае, если нет своего контейнера бытового отхода не выставляться на улицу или на перекрестки улиц, а сбрасывать в обслуживающую специализированную территорию только в утреннее время с 06:00 до 08:00 часов ежедневно в специально отведенные контейнерные площадки.
- 3.7. Оплата услуг по вывозу мусора производится контролером товарищества (при наличии документа, удостоверяющего личность и паспортный аппарат), через кассу, или онлайн/интернетом КазРК и через Единый платежный документ по платежному счёту. Уточнить платеж можно по тел. 22-10-26, 8 777 454 2814.

Кассы расположены по следующим адресам:

- 1) Мүсерова №77 А – магазин «Аяна»;
- 2) Ге Бон У №27 – магазин «Аяна»;
- 3) Титов дом №8;
- 4) Ауесова №19 – здание ДТО «Энергосервис»;
- 5) Жетқосан №154 – здание Горест»;
- 6) Ақмешіт дом №18

4. ОТВЕТСТВЕННОСТИ ДВУХ СТОРОН:

- 4.1. В случае несвоевременной оплаты «Потребителем» за услуги вывоза ТБО «Услугодатель» имеет право обратиться в местные судебные инстанции в рамках действующего закона РК.
- 4.2. Договор составлен и вступает в силу с 01.01.2021 года по 31.12.2021 года для жителей частных и многоквартирных домов. По окончании срока действия договора, если одна из сторон не изъявила желание расторгнуть данный договор, то он считается пролонгированным на последующие годы. Строго запрещается твёрдо – бытовое, строительный и др. отход выжигать, выставлять в таре в общественных местах, т.е. на обочине дорог, на тротуарах, проезжую часть улицы, в арчынские сети, возле контейнерных площадок. При выявлении нарушения санитарного порядка налагается административный штраф согласно Административного кодекса РК.

Для заявки на вывоз строительных отходов и во всем вопросам, касающемся по поводу вывоза контактные телефоны: 22-10-26, 87774542814

5. ЮРИДИЧЕСКИЕ АДРЕСА СТОРОН:

«УСЛУГОДАТЕЛЬ»	«ПОТРЕБИТЕЛЬ»
ТОО «Кызылорда Тазалығы» г. Кызылорда, Ақмешіт ш/а, Ул. Н.Тәуелден №9	«Кызмет тұтынушы» Аты - жөні _____
Тел.: 22-42-42	Мекен - жәйі _____
БИН 130240005281	Жеке куәлік _____
АО «ForteBank»	ИНН _____
ИИК КЗ 579650000071986658	
БИК ИТҰҚЗКА КБЕ 17	
Директор _____ М. Жаркеткен	

ТЕЛЕФОНЫ: 22-10-26, 87774542814

КЕЛІСІМ-ШАРТ № _____ (жалпы ортақ үлесті меншіктегі нысанды күтіп-ұстау және пайдалану туралы)

Қызылорда қаласы _____ «__» _____ 2021 жыл.

Қызылорда қаласы әкімінің «Қызылорда Тазалығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан директор М.Жаркеткен кәсіпорнының Жарғысына сәйкес, бірінші жағынан, бұдан әрі «Қызмет көрсетуші» және Қызылорда қала _____ үйдің _____ пәтер тұрғыны _____ және басын қуалайдыртын куәлік нөмірі _____ ИИН _____ бұдан әрі «Қызмет тұтынушы» 1997 жыл 16 сәуірідегі Қазақстан Республикасы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 35-бабына басшылық алып төмендегідей келісім шартты жасайды.

1. Келісім шарттың негізі 1.1. «Қызмет тұтынушының» және меншікшінің және пайдаланушының Қызылорда қала _____ № _____ үй, № _____ пәтер, жалпы ауданы _____ шаршы метр болатын тұрғын жайды күтіп-ұстау, пайдалану қызметін көрсету.
- 1.2. «Қызмет көрсетуші» «Қызмет тұтынушыға» тұрғын үйді ортақ пайдаланатын және пәтер иелерінің ортақ үлесіндегі тұрғын үйді инженерлік жүйелері мен қондырғыларына профилактикалық қызмет көрсетуге және пайдалануға (ақылға беріп өңдейді аула су, қар, жылуды жүйелеріне ағымды жөндеу, ал апаттық жағдай орын алған кезде ақулы дер кезінде қалпына келтіру), тұрғын үйді, іргесіне жер телімі және осында орналасқан құрылыстарды, сонымен қатар ортақ пайдаланылатын нысандарды қалпына келтіруге күтіп-ұстауға қызмет көрсету және бір қызметтер тұрғындармен бірлесіп отырып атқарылады. ҚР тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 35-бабы 2-тармағына, 50-бабының 1-тармағына сәйкес «Қызмет көрсетушінің» тұрғын үйді қалпына келтіруге күтіп-ұстауға кететін шығынын (пайдалану шығыны) «Қызмет тұтынушы» өзінің ортақ меншіктегі үлесінің көлеміне қарай өтеді және пәтер иелері ортақ мүліктегі үлесінің үлестеріне тік мөлшерде күтіп-ұстау мен пайдалану бойынша жалпы шығындар қатысты мүлік, күтіп-ұстауға жарамалы шығыстар ай сайын жасалады.

2. Екі жақтың міндеттері мен жауапкершіліктері

- «Қызмет көрсетушінің» міндеттері: 2.1. Тұрғын үй қорын пайдалану Ережелері мен нормаларын белгілеген тәртіппе сәйкес, тұрғын үй мен жайларды күтіп ұстау, инженерлік жүйелері мен қондырғыларына профилактикалық қызмет көрсету; күнделікті ауданы санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу, қыс мезгілінде жау жүргізілдер қорғау, кіреберісті қарап тастау; 2.2. Пәтер иелесін түскен тапсырыстарға сәйкес пәтерлік инженерлік жүйелер мен қондырғыларын ақауларын жөндеу, ал апаттық жағдай орын алғанда тез арада жөндеу (құжым пәтер несі есебінен жүргізіледі); 2.3. Пәтер иелері тарапынан қосымша мақсатта жиналған қаракатты негізінде, тұрғын үйді және инженерлік жүйелері мен қондырғыларын қысы маусымы пайдалану уақытында дайындау; 2.4. Заң талаптарына сәйкес, санитарлық және өрт қауіпсіздік нормаларының сақталуына жүзге асырылуы қадалауға;

«Қызмет көрсетуші» құқылы:

- 2.5. Қасақана әрекеті салдырған ортақ меншіктегі мүлікке келтірген залалы үшін «Қызмет көрсетуші» «Қызмет тұтынушының» келтірген шығындары оңдауды талап етуге;
- 2.6. Заттардың қымбаттылығы, аймақтың оуыны сәйкес, шығындарын артына байланысты, пайдалану шығынын тарифі қайта есептеуге;
- 2.7. Қызмет көрсетушінің «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, ай сайынғы жүргізілетін төлемдер уақытылы төленген жағдайда қызмет көрсетуге;

«Қызмет тұтынушы» міндеттері:

- 2.8. Ортақ үй-жайды пайдалануға, тұрғын үй мен жер телімін күтіп-ұстауға жан тапшырарына сәйкес орындау және сақтауға;
- 2.9. Тұрғын қосалқы жайларды және қондырғыларды өз мақсатында пайдалануға тұрғындардың құқығына және еркіндігіне нұқсан келтірмеу;
- 2.10. Тұрғын үйді, оған іргесіне жер телімін, жасал желектер пайдалануға және оңдау орналасқан игілікке пайдаланатын нысандарға уақыт қалтауға;
- 2.11. Пәтерінде, балқандары және ортақ пайдаланатын орындарға тазалығы және тәртіті сақтауға, тамақ, т.б. құр-қоқысты, тұрмыстық қалдықтарды арнайы белгіленген қонға салатын орындарға тастауға. Үйдің арқа жүзесі мен санитарлық қондырғыларына тұрмыстық қатты қалдықтар тастамауға;
- 2.12. Үйді пайдалану шығынын ай біткеннен кейін келесі айдан 10-на дейін осы келісім-шарттың 3-тармағына сәйкес келтірілетін уақытылы төлеуге;
- 2.13. «Қызмет көрсетушінің» тұрғын үйді инженерлік жүйелері мен қондырғыларында болған ақауларды уақытылы және сапалы орындауына жауапты;
- 4.3. «Қызмет тұтынушы» ай сайын жүргізілетін төлемді уақытылы төлеуге жауапты, уақытылы төлемден жағдайды әрбір келісету күніне күн 0,1% осымақы төлеуге тиісі.

5. Келісім-шарттың арнайы бірлесу пайда болуы мүмкін келісетушіліктер мен дау-дамайларды екі жақ келісетулер жүргізу арқылы шешуге болады.

- 5.1. Келісім-шартты орындау бірлесу пайда болуы мүмкін келісетушіліктер мен дау-дамайларды екі жақ келісетулер жүргізу арқылы шешуге бо

ОҚИ ОТЫРЫҒЫЗ

Ол үйде ешкінің үйінен жей бермейтін тағамның дәмін татуға болатын: помидордың вареньесі /кызанак тосабы/, сәбіздің вареньесі, духовкаға қақталған асқабақ, үн араластырып қуырылған пияз. Себебі бес баласы бар, әкесінің аузы арақтан құрғамайтын отбасы үшін ең қолжетімді ас түрі сондай болатын.

Еден жуып, аз-маз айлық алатын әйел арақидік ішек-қарын сатып әкелгенде ол отбасында үлкен мереке еді. Бір қызығарлығы, бес баланың ауызбіршілігі, бір-біріне деген қамқорлығы бөлек болатын. Жұрт баласына ұрысқанда «Қадишаның баласындай неге болмайсың?» деп кейітін. Шешелеріне қолғанат, ас-суын әзірлеп бәрі бәйек. Бастарын кітаптан алмайды. Есеп шығарып жарысады. Жауабы дұрыс еместерінен тықымай алады. Ал жеңімпаздардың аттары есікке бормен жазылады. Соған өздері маз. Жылдар жылқып жатты. Бірақ отағасы арақ ішуін тыймады, қайта үдете түсті. Бұрын әйелін тепкінің астына алатын, балалар өскен соң солар араша болып, Қадиша көкала торғайдай болып жүруін азайтты. Көршілер: «Ай, Қадиша, ажырасай, бүкіл жастығыңды қор қылдың ғой мына алқашпен» деп жаны ашты. Әйел бұлғаус «қудай салды – мен көңілмен» басқаны айтпайтын.

Қыркүйектің басы болатын. Қадиша қыс қамын жасап, банкі басып жүрген. Таң ата бала-шағаны ойбайлап аяғынан тік тұрғызды. Отағасы түнде арақ іздеп, бір шөлмек сірке



Улкен ұлы Қылышбек Ресейде жарық көретін «Высшая математика» деген журналдағы есептің бірін қалдырмай шығаратын. Сол есептердің жауабын

орманды өлкеге жіберді. Үш айдан соң тағы хат келді. Онда Қылышбек ғылымдағы анау-мынау емес, академиктердің мақтағанын, оқуын тәмамдағанын сонда қалдыратынын қуана жазыпты. Қадишаның төбесі көкке сәл-ақ жетпей қалды. Барлық көршіге сүйіншілеп кіріп шықты. Жұртшылық «Қадишаның маңдайы ашылды» деп бірге қуанды. Бірақ сол қуаныш ұзаққа созылмады. Талай жылғы тұрмыс тауқыметі мен күйеуінің тепкісіне шыдамаған жүрек тоқтап тынды...

Қадишаның балалары бірінен соң бірі оқуын бітіріп Ресейге бет алды. Бәрі шетінен білімді, бірі математик, бірі физик, бірі химик болып бір-бір саланы меңгеріп кетті. Қылышбек Америкаға кетті деген. Қалған бауырлары сол Ресейде көрінеді.

Қыздары әлі күнге дейін помидор мен сәбізден варенье жасайды деп естілік. Сірә, балалық шақтың бал дәмі талай жыл өтсе де таңдайдан кетпеген болуы керек. Бір баласы қызына Қадиша деп анасының атын қойыпты. Орыстар оны бәрібір Катя деп атайды екен.

Қазақтың ойы озық балалары осылайша өзге елдің көсегесін көгертіп жатыр...

Айнұр ТУҒЫШБАЕВА



ТРАМПҚА ЕКІНШІ РЕТ ИМПИЧМЕНТ ЖАРИЯЛАНДЫ



Өткен аптада АҚШ-тың экс-президенті Дональд Трамп Капитолийде тәртіпсіздік тудырып, бұл әрекеттер адам өліміне алып келді. Осыған байланысты АҚШ конгресінің уәкілдер палатасы Трампқа екінші рет импичмент жариялауға дауыс берді. Ал дауыс беру қалай өткені, таңдалған президент Джо Байденнің импичмент жайлы ойы мен Трамптың видео үндеуі жайлы Стивен Коллинсон өз сараптамасын жүргізді.

Жалпы екінші импичмент Дональд Трамптың жемқорлығы мен маскара болған президенттік тарихын дәлелдеп берді дейді автор.

Трампқа жарияланған Импичмент таңдап алынған президент Джо Байденнің қызметінің алғашқы күндерін қиындатады. Ендігі кезекте президент қызметін бұл тәртіпсіздікті тоқтата амалдарын қарастырумен бастайтыны сөзсіз.

Сондай-ақ енді 10 мыңға жуық әскерлер мен қауіпсіздік қызметкерлері Байденнің инаугурациясын сақтап қалуға қауқарлы болуы қажет. Алайда ФБР-дың 50 штаттағы көтерілістің болуы туралы ескертуі қауіп төндірді.

Ал президент Джо Байден жарияланған импичментке байланысты өз алаңдаушылығын да білдірді. Бұл Сенаттағы шаралар оның алдындағы басты мәселелердің бірі – вакцинаға қаржы бөлудің қиындатыны айтып. Экс президентке жарияланған импичмент Американың саяси институттары мен қоғамдық өмірді шындықтың айтуына да үлкен әсер етпек. 10 республикашыл заң шығарушылардың дауыс берудегі еріктері саясатты екі жаққа бөлуі мүмкін.

Сондай-ақ бүгінгі таңда елде орын алған олықтықтар Трамптың өзіне де кері әсерін тигізуде. Біліктен өздігімен кетпегені үшін экс президентті жеке өмірінде көптеген азаматтық және құқықтық мәселелер күтіп тұр деп хабарлайды CNN. Оның халықтық видео үндеу арқылы тым кеш сабырға шақыруы компаниялар мен банктердің онымен серіктестіктен бас тартуға жеткізіп отыр.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған Аслан НУРАЗГАЛИ

ОЙТҮРТКІ

БІЗ КІМ БОЛЫП БАРАМЫЗ?..

Соңғы кезде осы ой мазалап жүр. Қандай ой десеңіз, өзіміздің жастардың туған күн кештерінде торт лақтыруы, торттың бетіне салынған неше түрлі суреттер, оған жағылған шамдар... Осының бәрі қазақтың дәстүрінде бар ма, ағайын? Әрине, жоқ. Тіпті көзге ерсі көрінеді. Қай жағынан алып қарасақ та мұны қолдау мүмкін емес.

Жақында ғана әлеуметтік желіге бір бейне көрініс жарияланды. Оны сіз де көрген боларсыз. Бірақ оқырмандарымызға түсінікті болу үшін қысқаша тоқтала кетейік. Туған күн кешіндегі ақ-жаулықты ана тұр, баласының тілегін тыңдап. Ал жігіттің қолында мерекелік торт. Тілек аяқталды. Одан кейін не болды десеңіз, тортты анасының қолына сыйлаудың орнына бетіне жапсыра салды да қашты. Видеоны түсіріп тұрғандар да маз. Баласынан ондай қылмыс күтпеген анасы бетіндегі торттың кремін сүртіп әлек. Ойлап қараңызшы, енді осы дұрыс па? Әр бала анасын қуантуға асығады. Бірақ мұндай көргенсіздікпен емес. Сол бейнекөріністен кейін әлгі жігіттің тірлігіне көп жұрт алғыс емес, қарғыс жаудырды. Міне, бұл кейіпкер анасын осылай мазак етсе, енді бірінің достарына, жақындарына жарыса торт лақтырып жүргендері де бар. Осындайда ананың наласына, астын киесіне қалған арыз ұрпақ өсіп келетініне іштей әткен дерсіз...

Иә, кейінгі ұрпақ ашықтық көрген жоқ. Бейбіт өмірде ешкімге алақан жайып, жалтақтамадық. Бірақ біздер көрмеген қиындықты сұрапыл соғысты, ашаршылықты ата-әжелеріміздің көзі көрді. Міне, сол қарияларымыздың айтқан онегесімен бір ұзын наның қадірін біліп өстік. Үлкендерден асты ысырап етпеуді, оны құрметтеуді үйрендік емес пе...

Кейде «Ас атасынның да қадірін ұғынатын ұрпақ азайып бара ма?» деген қорқынышты ой туындайды. Себебі бүгінгі қазақ қалаған тамағына тапсырыс беріп, тәбеті тартқанды ғана жейді. Кешегі уақытқа дейін ұлан-асыр той жасап, аста-төктікке жол берді. Бұл халықтың тұрмысының түзелгені де болар, десек те тамақты ысырап ететіндер әлі де әлеуметтік жағдайы төмен жандардың, олардың бір үзім нанға зар боп жүргендерін бір сөз ойласа екен дейміз. Тек пандемия кезінде ғана тойға шамалы тосқауыл болды. Тойшыл қауым бұрынғыдай шашылмайды. Құптарлық іс.

ТҮНГІ 00:00-ДІ КҮТУ...

Жалпы айтамыз, соңғы кезде белең алып бара жатқан туған күнмен құттықтау «дәстүрі». Дәл бүгінгі туған күн былай басталады. Уақыт түнгі он екіден аса бастағанда



ҚОРЛАУ МА, ҚҰРМЕТТЕУ МЕН? немесе ақ пен қараны ажырата алмаған ұрпақ

туған күн иесі отырған бөлменің жарығы сонеді. Оның орнына бетіне балауыз шамы жағылған тортты алып, жақындары кіріп келеді. Онда да өзіміздің емес, ағылшынша әнмен келетіні тағы бар. Бұл – бүгінгінің туған күнінің басталғандығының белгісі. Мұны да шетелден алдық.

Осы сәтте өз балалық шағыма орала кетсем, өзімізді ата-анамыз ерсіне бір-ақ құттықтайтын. Бетімізден сүйіп құттықтаса, соған маз болып, сыйлық алғандай қуанатын едік, шіркін...

ТОРТТЫҢ БЕТІНДЕГІ СУРЕТТЕР

Қазір мерейтойларға алдын ала тортқа тапсырыс беру көбейді. Тәттілерді пісіретіндердің кәсібі жүріп тұр. Бірде мынадай тортқа көзіміз түсті. Шоколадтан жасалған торттың бетіне оқ пен қарудың бейнесі салынды. Оны жемек түгілі көз алдыңызға бір қорқыныш елестегені белгілі. Себебі торт тәтті болғанымен суық көрінді. Тыныштықты қалайтын бейбіт өмірде дәл ондай қаруды жейтін асқа қосудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Арасында астың үстіне ішімдіктің де суретін салып, сыйға тартатындары да бар. Одан мына суреттер жиі кездеседі. Кейбірі ата-анасының суретін торт бетіне салдыртып жүр. Тортты сол күйі жей алмайсыз. Әрине, торттағы

ата-анасының бетін кесіп, бірі аузын, енді бірі көзін жеп, соған маз. Оның орнына жақыныңыздың суретін рамкаға салып, сыйлай салыңыз. Торттың бетіне салып, оны пышақпен қорлағанша...

ШЫРАҚТЫ ҮРЛЕУ ДҰРЫС ПА?

Торт бетіне шырақ жағып, оны үрлеп сөндіру үрдіске айналады. Қазір ол болмаса туған күн аталып өтпейтіндей. Тіпті оны үрлемесе тілегі қабыл болмайтындығы көрінеді. Иә, мұндайды көп отырыстарда кездестіріп жүрміз. Енді қараңыз, қазаққа «отынды өшірме» деген сөз бар. Отбасы дегеннің өзі оттан басталады. Жана түскен келіннің отқа май құюы жас шаңырақтың оты өшпесін деген қазақ даналығының бір парасы дерсіз. Негізі отты үрлеу, іштей соған сеніп тілек тілеу дұрыс емес.

ОТЫЗБАЕВТЫҢ ОЙЫ...

Адамзатты қайырымдылыққа, адамгершілікке үндейтін асыл дініміз де ысырапшылдық пен берекесіздікті қолдамаған. Осыған орай қалалық «Сұлтан» мешітінің бас иманы Қайырбек Отызбаев өз ойымен бөлісті: – Қазіргі қоғамда рухани дерттің бірі – ысырапшылдық

жасау. Әлемді жаратқан Алла ысырап етушіні сүймейді. Құрғани Кәрімде: «Ішіндер, жеңдер бірақ ысырап қылмаңдар, шындығында Алла Тағала ысырап қылушыларды сүймейді», – делінген. Обал, сауап, ысырап дегенді білмеу – Алланың берген нығметін бағаламау, қолындағы барға шүкір етпеу болып табылады. Шайтанның да көздеген мақсаты – Алла



Ақтолық НҮРЛЫБАЙ

Тіліші түйіні:

Білесіз бе, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аптаның ішінде бірінші, төртінші күндері ораза ұстайтын болған. Сонда одан «дүйсенбі күні сіз неге ораза ұстайсыз?» деп сұрағанда: «Мен сол күні дүниеге келдім» деп айтқан екен. Ол туған күнін осылай құлшылықпен өткізген. Ерте-ерте туған күнде «Алланың разылығы үшін осы күнге аман жеткізгеніңе рақмет» деп шүкіршілік ниетпен садақа беріп, дастарқан жайған. Ал кейін адамдар арасында Аллаға мадақ айтудан қалып, тек туған күн ретінде атап кетті. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыздай бола алмаймыз. Әйткенмен үлгі алсақ деген ой біздікі.

Өзіміздің онегеге толы салт-дәстүріміз бар кезде біз неге шетелдіктерге еліктейміз? Оның орнына жақындармен бірге жайлы жерде «Мірің торттай әдемі, тәтті болсын» деген ниетпен пісірілген дәмді тортпен жақсы тілек айтып, шай ішкенге не жетсін...

ҰСТАЗ ІЗДЕНІСІ БАЛАНЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІНЕ ҮҢІЛҮДЕН БАСТАЛАДЫ

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан әлеуметтік мәселелер, яғни отбасылық, экологиялық, экономикалық дағдарыстар жүйке жүйесі бұзылған балалардың көбеюіне әсер етуде.

Дамуында ауытқуы бар баланың кейінгі тағдыры отбасының жағдайына байланысты. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеуші отбасы қандай да болмасын медициналық, педагогикалық, психологиялық, құқықтық аяқталған қолдауды қажет етеді. Дер кезінде көрсетілген қолдау баланың немесе отбасының кез келген әлеуметтік-психологиялық мәселесінің шешілуіне әсерін тигізеді.

Ерекше жұмысты қажет ететін балаларға білім беру үшін көп еңбек, ұстаздық жылы сезім мен кішіпейілділік керек. Оларға қарапайым түсініктерді жеткізу оңай шаруа емес. Ұстаз ізденісі әр баланың жан дүниесіне үңілуден басталады. Бұл балаларды зерттеу, ол нені жақсы көреді, нені ұнатпайды, кімді құрмет тұтады (қумир), немен айналысқанды ұнатады (хобби) т.б. сияқты сұрақтарға жауап алудан басталады. Бұл әдіс баламен әрі қарай әңгімені өрбітуге көмегін тигізеді, яғни күнделікті ең қарапайым әңгімелесудің

өзі қарым-қатынасыңызды нығайтып оның бір сәтке болса да сергіп, көңілі көтеріліп қалуына сеп болады.

Кез келген баланың моторикасы дамыса, онда ол баланың сөйлеуі де, түйсігі де белгілі бір дәрежеде дамиды. Осы арада ерекше балалармен саусақ ойынын, ойнатуға болады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайтыны анық.

Ерекше балалар мүмкіндігі шектеулі болғанымен, іс жүзінде мүмкіндігі шексіз болып келеді. Мұндай балаларға ата-анасы, қоршаған ортасы, мектеп және өзінің қайсарлығы мен төзімділігі күш береді.

Гүлзада НҮРЫМБЕТОВА, С.Сейфуллин атындағы №4 ІТ мектеп-лицейінің психологы